

# 5

## Арнайы және инклюзивті білім беру Специальное и инклюзивное образование Special and inclusive education

FTAMP 14.15.01

### Қазақстанда инклюзивті білім беру жағдайында білім алушыларды кәсіби бағдарлаудағы педагогтердің рөлі

Л.А. Бутабаева<sup>\*1</sup>, А.Қ. Жүсіп<sup>1</sup>, Б.А. Торекулова<sup>2</sup>

<sup>1</sup> Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

<sup>2</sup> «№ 2 арнайы мектеп» КММ

Қазақстан Республикасы, Астана қ.



**Аңдатпа.** Елімізде білім алушыларды қазіргі жағдайда сұранысқа ие және олардың жеке мүмкіндіктері мен ерекше қажеттіліктеріне жауап беретін мамандықтарды саналы түрде таңдауға дайындау мәселелеріне көп көңіл бөлінуде. Десе де, қазіргі жағдайды талдау мектеп түлектерінің, оның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін балалардың еңбек нарығына бейімделуінің қазіргі деңгейі барлық сұраныстарға жауап бермейтінін көрсетеді. Осы орайда Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Инклюзивті білім беру орталығы қызметкерлерімен ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің гранттық қаржыландыруы шеңберінде зерттеу жұмысы жүргізілді (АР14871693, 2022-2024 жж.). Зерттеудің нәтижелеріне сәйкес, еліміздің білім беру ұйымдарында ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды кәсіби бағдарлау бойынша жұмыс жүйелі түрде жолға қойылмағаны анықталды. Мақалада білім алушылардың жеке мүмкіндіктері мен ерекше қажеттіліктерін ескере отырып кәсіби бағдарлау жүйесін қайта ұйымдастыру мәселелеріндегі мектеп педагогтерінің рөлі қарастырылады.



**Кілтті сөздер:** кәсіби бағдарлау, кәсіби өзін-өзі анықтау, ерекше білім беруді қажет ететін балалар, инклюзивті білім беру, әлеуметтену.

#### Кіріспе

Қазіргі уақытта еліміздің басты ұлттық байлығы жоғары білікті, білім алуға бейім және икемді кадрлар болып табылады. Жастарға өмірлерінің қай кезеңінде болмасын жұ-

мысқа орналасуда өздерінің бәсекеге қабілеттілігін және ұтқырлығын қолдау бойынша міндеттер қойылып келеді.

Кәсіби жолдың табыстылығы, ал түптеп келгенде адамның өз өміріне қанағат-

тануы сапалы білім деңгейіне, еңбек нарығындағы конструктивті мінез-құлыққа және бірінші кезекте мамандық таңдауына байланысты.

Қазақстанда жоғары сынып білім алушыларының кәсіби өзін-өзі анықтауға дайындығын қалыптастыру мәселелеріне көп көңіл бөлінуде. Атап айтсақ, мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында «Балаларды ерте жастан мамандыққа бейімдеу айрықша маңызға ие болуда. Өскелең ұрпақ өзінің болашақ кәсібін саналы түрде таңдай білуі тиіс» деп белгілеп өтті [1].

Сондай-ақ білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында негізгі орта білімнің мақсаты «тұлғаның жалпы мәдениетін қалыптастыру, қоғам өміріне бейімдеу, кәсіпті, мамандықты саналы түрде таңдауға және меңгеруге негіз жасау, оның ішінде білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескеру» болып анықталды [2].

Елімізде инклюзивті білім беру білім беру жүйесін дамытудың маңызды бағыты болып табылатынын және әрбір адамның қандай да бір кемсітуді білім алу құқығын іске асыру құралы ретінде танылғанын атап өту қажет.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 150 бұйрығымен «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды кәсіптік бағдарлауды диагностикалау және анықтау бойынша әдістемелік ұсынымдар» бекітілді, аталған құжатта осы саладағы барлық стейкхолдерлердің іс-қимылдарын үйлестіру мақсатында кәсіби бағдарлаудың кешенді жүйесін әзірлеу жолдары ұсынылады [3].

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің тапсырысы бойынша 2019 жылы экономиканың 9 негізгі саласын қамтитын еңбек нарығында сұранысқа ие жаңа кәсіптер мен құзыреттердің атласы әзірленді [4].

Алайда еліміздегі ағымдағы жағдайды талдау мектеп түлектерінің, оның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін балалардың еңбек нарығына бейімделуінің қазіргі деңгейі барлық сұраныстарға жауап бермейтінін көрсетеді.

Зерттеулерге сәйкес, Қазақстан Республикасында мектеп түлектерінің 70%-ға жуығы мамандық таңдауда қиналады, білім алушылардың 87%-ы мамандықты ата-аналары мен мектеп педагогтерінің ықпалымен таңдайды, білім алушылар мен олардың ата-аналарының 90%-ының нарықта сұранысқа ие мамандықтар жөнінде түсініктері жоқ [5].

Мәселені зерделеу еліміздің білім беру жүйесінде жоғары азаматтық жеке қасиеттерге ие бәсекеге қабілетті, сауатты маман қалыптастыруда қоғамның қажеттілігі мен жеке тұлғаны әлеуметтендіру бойынша кәсіби педагогикалық қызметтің қолданыстағы технологияларында жүйеліліктің болмауы секілді ұйымдастырушылық-педагогикалық қарама-қайшылықтар орын алғанын көрсетеді. Мұндайда қазіргі уақыттағы өзекті мәселелердің бірі – мектеп педагогтерімен іске асырылатын кәсіби бағдарлау жұмысы. Педагогтердің кәсіби құзыреттілігі білім алушылардың болашақ мамандығын саналы түрде таңдауының және сәйкесінше алдағы уақытта табысты әлеуметтенуінің кепілі болып табылады. ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің гранттық қаржыландыруы шеңберінде (AP14871693) жүргізілген зерттеу барысында мақала авторларымен білім алушыларды кәсіби бағдарлау жүйесіне барлық қатысушылардың қызметіне талдау жүргізілді. Берілген мақалада зерттеу әдіснамасына сәйкес ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды кәсіби бағдарлаудағы педагогтер рөлі қарастырылған.

## Материалдар мен әдістер

Зерттеу әдіснамасына сәйкес, зерттеу объектісі ретінде инклюзивті білім беру жағдайында мектеп оқушыларын кәсіби бағдарлау жүйесі анықталды. Зерттеу

пәні ретінде орта білім беру ұйымдарының білім алушыларын кәсіби бағдарлаудың инклюзивтілігін қамтамасыз ету айқындалды.

Зерттеудің негізгі міндеттері қазіргі мектепте кәсіби бағдарлау жұмысын ұйымдастыру жүйесінің ерекшеліктерін, стейкхолдерлердің кәсіби бағдарлау жүйесіне рөлі мен тартылуын зерделеу, білім алушылардың кәсіпті саналы түрде таңдауға дайындығы туралы педагогтердің пікірін түсіндіру, мектептегі кәсіби бағдарлау жұмысының тиімділігіне кедергі келтіретін факторларды анықтау болып белгіленді.

Зерттеу мақсатына қол жеткізу үшін зерттеуге 9-сынып жетекшілері мен педагогтері, білім алушылары және олардың ата-аналары қатысты. Мектеп білім алушыларына, олардың ата-аналарына, педагогтерге сауалнама мектепке бару кезінде онлайн-режимде де, офлайн-форматта да жүргізілді. Сауалнама сұрақтары мектеп білім алушыларын кәсіби бағдарлау жүйесін және жастардың әлеуметтік-еңбек ұтқырлығы жүйесін жетілдіру жолдары мен тетіктерін айқындау, еңбек нарығы саласындағы қазіргі заманғы үрдістерді анықтау мақсатында құрастырылды. Мысалы, сауалнама білім алушылар, оның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін болашақ мансапты таңдауға мүмкіндіктер жасауға, кәсіби бағдарлауды және әлеуметтендіруді ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуге қатысты мәселелерді қамтыды. Сапалы деректерді қамтамасыз ету үшін зерттеуге енгізілетін өңірлер мен ұйымдарды айқындай отырып, мақсатты іріктеу жүргізілді. Республикалық маңызы бар қалаларды қоса алғанда, оңтүстік, солтүстік, батыс, шығыс, орталық географиялық орналасуын ескере отырып, зерттеу еліміздің 8 өңірінде жүргізілді. Зерттеуді жүргізу барысында триангуляция әдісі пайдаланылды. Атап айтсақ, теориялық әдіске сәйкес соңғы 3 жылдағы еліміздегі қарастырылып жатқан мәселе бойынша ғылыми әдебиеттер, нормативтік құқықтық құжаттар, статистикалық деректер зерделенді. Эмпирикалық әдіске сәйкес респонденттерден сауал-

нама, сұхбат алынды. Сондай-ақ зерттеу нәтижелеріне салыстырмалы талдау жүргізілді. Зерттеу барысында ғылыми зерттеулер этикасы мен зияткерлік меншік құқығының барлық нормалары мен қағидаттары сақталды.


## Нәтижелер

Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды кәсіби бағдарлау үздіксіз процесс болып табылады және ол баланың барлық жас кезеңінде мақсатқа сәйкес іске асырылуы тиіс. Себебі кәсіби өзін-өзі анықтау ерекше қажеттіліктері бар балалардың тұлғалық дамуы үшін маңызды аспект болып табылады. Қазіргі қарқынды әлеуметтік-экономикалық жағдайларда білім беру ұйымдарының кәсіби бағдарланған түлектерін даярлауға сұраныс артуда. Сол себепті мектептегі кәсіби бағдарлау бойынша педагогикалық қызмет жүйелі түрде құрылуы тиіс және педагогтердің ерекше білім беруді қажет ететін балаларды еңбек нарығына қосу үшін тиісті құзыреттері болуы тиіс. Жаңа формация педагогі жаңаша жұмыс істеп, назарын педагогикалық қызметтің тиімді нәтижелеріне қол жеткізуге шоғырландыруы тиіс. Сәйкесінше педагогтердің басты міндеттерінің бірі білім алушыларды кәсіби бағдарлау бойынша жұмыстарды жүргізуі болып табылады. Төменде (1-сурет) зерттеуге қатысқан мектеп педагогтерінің «Мектебіңізде кәсіби бағдарлау бойынша жиі жүргізілетін жұмыс түрлерін белгілеңіз» сұрағына жауаптары берілген.


Педагогтердің берілген сұраққа жауаптары жоғарыда келтірілген. «Басқа» жауап нұсқасын таңдаған педагогтердің көпшілігі «жоғарыда аталғандардың барлығы», «кәсіби бағдарлау жұмыстары арнайы штаты бөлінбегендіктен жүргізілмейді», «мектеп психологтері диагностикалық, ағарту, кеңес беру бағыттары бойынша жұмыс жүргізеді» деп жауап берді. Ұсынылған жауаптар педагогтердің мектептен тыс отбасы, техникалық және кәсіптік, жоғары білім беру ұйымдары, жұмыспен қамту орталықтары, жұмыс берушілердің мектеп

түлектерін кәсіби бағдарлау мәселелері бойынша өзара байланысын күшейту бойынша жүйелі жұмысы талап етілетіндігін айғақтайды.

Сонымен қатар педагогтерге «Кәсіби бағдарлау жұмысының тиімділігін қамтамасыз ету үшін мектеп сүйенетін басымдықты таңдаңыз» сұрағына (2-сурет) респонденттердің жауаптары төмендегіше.



**1-сурет – «Мектебіңізде кәсіби бағдарлау бойынша жиі жүргізілетін жұмыс түрлерін белгілеңіз» сұрағына педагогтер жауаптарының көрсеткіштері**



**2-сурет – «Кәсіби бағдарлау жұмысының тиімділігін қамтамасыз ету үшін мектеп сүйенетін басымдықты таңдаңыз» сұрағына педагогтер жауаптарының көрсеткіштері**

Бұл көрсеткіш мектептердегі кәсіби бағдарлау жұмысы білім алушылардың ерекше қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктері толыққанды ескерілмейтіндігін және сәйкесінше педагогтердің назарын инклюзивтілік қағидаттарының сақталуына шоғырландыру қажеттілігін көрсетеді.

Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды кәсіби бағдарлау жұмысын кешенді түрде жүргізу қажет. Мұндайда педагогтер кәсіби бағдарлау жұмысына мамандар мен ата-аналарды тарту қажет. Десе де, бірінші кезекте оқыту процесінде қолданылатын әдістемелік құралдарды балалардың мүмкіндіктеріне сәйкес бейімдеуге, білім алушының икемділіктерін анықтауға, кәсіби бағдарлаудың барлық кезеңінде білім алушылардың жеке мүмкіндіктері мен ерекше қажеттіліктеріне, сондай-ақ қызығушылықтарына сәйкес кәсіби бағдарлау жоспарын түзеуге бағытталуы тиіс. Мұндайда педагогтер білім алушының бойында қандай да бір кәсіпке қажетті дағдыларды қалыптастыру бойынша психологиялық-педагогикалық жұмысты жүргізуі тиіс. Кәсіби бағдарлаудағы маңызды және жауапты бағыттардың бірі – кәсіби психофизиологиялық және психологиялық диагностика. Ол білім алушының кәсіби қызығушылығы мен бейімділігі, ерекшеліктері мен мүмкіндіктері жөнінде объективті ақпарат алуға көмектеседі.

## Талқылау

Осылайша, зерттеу нәтижелерін талдау барысында зерттеу гипотезасы дәлелденді. Яғни мектеп білім алушыларын кәсіби бағдарлаудың тиімділігіне қол жеткізу үшін мектеп білім алушыларын қазіргі жағдайда сұранысқа ие және білім алушылардың жеке мүмкіндіктері мен ерекше қажеттіліктеріне жауап беретін мамандықты саналы түрде таңдауға дайындауда барлық стейкхолдерлердің іс-қимылын үйлестіретін тетіктерді әзірлеу қажет. Мұндайда басты рөлдердің бірі мектеп педагогтеріне тиесілі.

Педагогтер балалардың танымдық қызығушылықтарын, шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етуі тиіс, мұн-

дайда жобалық қызмет, іскерлік ойындар, семинарлар, дөңгелек үстелдер, конференциялар, пәндік апталар, олимпиадалар, факультативтер, шығармалар конкурстарын және т.б. шараларды ұйымдастыруы тиіс. Сабақтардың кәсіпке бағытталуын қамтамасыз етуі тиіс, білім алушыларда маңызды кәсіби дағдыларды, өздерін саналы бағалай білу дағдыларын қалыптастыруы тиіс, қабілеттері мен бейімділігін анықтау бойынша бақылаулар жүргізуі тиіс.

## Қорытынды

Қазіргі әлемнің жаһандық мәселелері қазақстандық қоғамның да дамуына айтарлықтай ықпал етуде. Мұндайда басты нысан – жас ұрпақ болып есептеледі. 4-тұрақты даму мақсатына қол жеткізу үшін Қазақстан да өзге елдер секілді сапалы білімнің баршаға тең қолжетімді болуын қамтамасыз ету және өмір бойы білім алу мүмкіндігін ынталандыруды қамтамасыз етуі тиіс. Құжатта жас ұрпақта «XXI ғасыр дағдыларын» қалыптастыруға баса назар аударылған. Өзгермелі әлемге тез бейімделу үшін адамдардың сұраныста болуын және бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін дағдылар, яғни soft skills (икемді дағдылар) қажет. Бұл дағдылар білім алушылардың бойынша сыни және инновациялық ойлау, эмоциялық интеллект, тұлғааралық және тұлғаішілік дағдылар, медиа және ақпараттық сауаттылық секілді бірліктерді қамтиды. Демек, білім алушының ақпаратты өздігінен жинау, өңдеу, талдау және ұйымдастыру қабілеті, мәселені талқылап, дәлелдеп, шешім қабылдап, орындауға дейін жеткізу білігі қажет. Десе де, білім беру ұйымдары түлектерінің, оның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін балалардың еңбек нарығына әлеуметтік-экономикалық бейімделуінің қазіргі деңгейі бұл қажеттіліктерге тиісті дәрежеде жауап бермейді. Осыған байланысты еліміздің білім беру ұйымдарының ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды кәсіби бағдарлау жұмысын ұйымдастыру және әлеуметтендіру мәселелерін қарау қажеттілігі туындайды. Мұндайда педагогтің кәсіби бағдарлау бойынша қызметін жалпы педагогикалық принциптерге сүйене

отырып, ғылыми-әдіснамалық тәсілдерді, психологиялық әзірлемелерді ескере отырып ұйымдастыру қажет.

### Қаржыландыру жөнінде ақпарат

Бұл зерттеу ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігімен қаржыландырылған «Мектеп оқушыларын кәсіби бағдарлаудың инклюзивтігін қамтамасыз етудің ұйымдастырушылық-әдіснамалық негіздері» гранттық жобасы шеңберінде жүргізілді (AP14871693, 2022-2024 жж.).

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» Қазақстан халқына Жолдауы. URL: [https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses\\_of\\_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek](https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek)
2. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031>
3. «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды кәсіптік бағдарлауды диагностикалау және анықтау бойынша әдістемелік ұсынымдар» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің

2019 жылғы «15» сәуірдегі №150 бұйрығына қосымша

4. Еңбек нарығында сұранысқа ие жаңа кәсіптер мен құзыреттердің атласы. URL: <https://atlas.bts-education.kz/>
5. «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» зерттеулері. URL: <https://www.enbek.kz/kk>

### References

1. Memleket basshysy Qasym-Jomart Toqaevtyñ 2020 jylgy 1 qyrkuiektegi «Jaña jaǵdaıdaǵy Qazaqstan: is-qimyl kezeñi» Qazaqstan halqyna Joldaуy. URL: [https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses\\_of\\_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek](https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek)
2. «Mektepke deingi tárbiе men oqytudyñ, bastauyş, negizgi orta, jalpy orta, tehnikalyq және kәsiptik, orta bilimnen keingi bilim berudiñ memleket-tik jalpyǵa mindetti standarttaryn bekitu turaly» Qazaqstan Respublikasy Oqu-aǵartu ministriñiñ 2022 jylgy 3 tamyzdaǵy № 348 büiryǵy. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031>
3. «Qazaqstan Respublikasynyñ orta bilim beru üiymdarynda bilim aluşylardy kәsiptik baǵdarlaudy diagnostikalau және anyqtau boiyńsa әdistemelik üsynymdar» Qazaqstan Respublikasy Bilim және ǵylym ministriñiñ 2019 jylgy «15» säuirdegi № 150 büiryǵyna qosymşa
4. Eñbek naryǵynda sұranysqa ie jaña kәsipter men qūzyretterdiñ atlasы. URL: <https://atlas.bts-education.kz/>
5. «Eñbek resurstaryn damytu ortalyǵy» zertteuleri. URL: <https://www.enbek.kz/kk>

## Роль педагогов в профессиональной ориентации обучающихся в условиях инклюзивного образования в Казахстане

Л. А. Бутабаева<sup>\*1</sup>, А. К. Жусип<sup>1</sup>, Б. А. Торекулова<sup>2</sup>,

<sup>1</sup> Национальная академия образования им. И. Алтынсарина

<sup>1</sup> КГУ «Специальная школа № 2»

г. Астана, Республика Казахстан



**Аннотация.** В настоящее время в Казахстане большое внимание уделяется вопросам подготовки обучающихся к осознанному выбору профессий, востребо-

ванных в современных условиях и отвечающих индивидуальным возможностям и особым потребностям детей. Тем не менее, анализ текущей ситуации показывает, что нынешний уровень адаптации выпускников школ, в том числе детей с особыми образовательными потребностями, не отвечает всем запросам современного рынка труда и препятствует социализации выпускников. В этой связи сотрудниками Центра инклюзивного образования Национальной академии образования им. И. Алтынсарина в рамках грантового финансирования Министерства науки и высшего образования РК проведено исследование (AP14871693, 2022-2024 гг.). Согласно результатам исследования было установлено, что в организациях образования страны недостаточно налажена работа по профессиональной ориентации обучающихся с особыми образовательными потребностями. В статье рассматривается роль педагогов общеобразовательной школы в вопросах реорганизации системы профессиональной ориентации с учетом индивидуальных возможностей и особых потребностей обучающихся.



**Ключевые слова:** профориентация, профессиональное самоопределение, дети с особыми образовательными потребностями, инклюзивное образование, социализация.

## The role of teachers in the professional orientation of students in inclusive education in Kazakhstan

L. A. Butabayeva<sup>\*</sup>, A. K. Zhussip<sup>1</sup>, B. A. Torekulova<sup>2</sup>,

<sup>1</sup>Altynsarin National Academy of Education

<sup>2</sup>KSU «Special School №2»

Astana, Republic of Kazakhstan



**Abstract.** Today, much attention is paid in Kazakhstan to the issues of preparing students for a conscious choice of professions which are in demand in modern conditions and meet children's individual capabilities and special needs. Nevertheless, the analysis of the current situation demonstrates that the current level of school graduates' adaptation, including those with special educational needs, does not meet all the requirements of labor market and perpetuates graduates' socialization. For this reason, a study was conducted by the staff of the Center for Inclusive Education of the Altynsarin National Academy of Education (AP14871693, 2022-2024) within the grant funding of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (AP14871693, 2022-2024). According to the results of the study, it was found that the work on vocational guidance for students with special educational needs is not sufficiently developed in the State's educational institutions. The article examines the role of general secondary school teachers in the reorganization of the vocational guidance system, taking into account students' individual capabilities and special needs.



**Keywords:** career guidance, professional self-determination, children with special educational needs, Inclusive education, socialization.

*Материал баспаға 09.02.2023 ж. келіп түсті.*